

KAZAKHSTAN

PARA VOLLEYBALL FEDERATION



МАЗМҰНЫ



- 02** **Алғы сөз**

- 04** **Волейболды отырып
ойнау спорт түрі**
тарихы, жетістіктері
мен федерация

- 06** **Ұлттық құрама**
1992–2024 жж.
аралығындағы
жетістіктері

- 07** **Ұлттық құрама**
Паралимпиада
ойындарында
Парижде өткен XVII жазғы
Паралимпиада ойындары

- 11** **Демеушілер мен**
серіктестер

Қазақстандық пара волейбол
федерациясының
серіктестері мен демеушілері

- 22** **2025 жылдың басты іс-**
шаралары

жарыстар мен оқу-жаттығу
жиындары

- 23** **Спортшылармен**
сұхбаттар



АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті оқырмандар,



Спорт – адамзаттың бірлігі мен қуатын көрсететін асыл құндылықтардың бірі. Әсіресе, паралимпиадалық спорт түрлері өмірдің күрделі сынақтарына төтеп беріп, жігер мен қайсарлықтың үлгісін көрсететін ерекше алаң. Осы бағытта волейболды отырып ойнау еліміздің мүмкіндігі шектеулі азаматтары үшін өздерін жаңа қырынан танытуға, рухани және физикалық тұрғыда шындалуға үлкен мүмкіндік беріп келеді.

Бұл спорт түрі тек денсаулықты нығайтумен ғана шектелмейді. Ол командалық рухты, достық пен бірлікті, ел намысын қорғау жолындағы жанқиярлықты дәріптейді. Біздің спортшыларымыздың халықаралық ареналарда қол жеткізген жеңістері Қазақстанның абыройын арттырып, әлемге еліміздің параспортқа деген ерекше қамқорлығын паш етуде.

Әрине, мұндай жетістіктер демеушілер мен жанашыр азаматтардың қолдауынсыз мүмкін болмас еді. Бізге сенім артып, материалдық және рухани қолдау көрсеткен демеушілерімізге, серіктестерімізге алғысымыз шексіз. Сіздердің көмектеріңіз спортшылардың тек қана спорттық жетістіктерге жетуіне емес, олардың қоғамдағы орнының нығаюына, жаңа мүмкіндіктерге жол ашуына ықпал етеді.

Федерациямыз соңғы жылдары көптеген ірі жобаларды жүзеге асырды. Спорттық жабдықтарды жаңарту, оқу-жаттығу жиындарын ұйымдастыру, халықаралық турнирлерге қатысу – мұның бәрі біздің елдегі волейболды отырып ойнау спортының даму қарқынын айқын көрсетеді. Ал 2024 жылы ерлер құрамасы Париж-2024 Паралимпиада ойындарында қатысып, әлемнің үздік бестігіне кіруі – осы еңбектің жемісі. Бұл жетістік тек спортшыларымыздың емес, бүкіл Қазақстанның ортақ нәтижесі.

Құрметті оқырмандар, біз волейболды отырып ойнау спортын дамыту жолында жұмысымызды жалғастыра береміз. Алда бізді үлкен сындар мен жаңа белестер күтіп тұр. Баршамыз бірлесіп, ел абыройын асқақтата берейік!

Ізгі тілекпен,

Дүйсенбай Тұрғанов

Қазақстандық волейболды отырып ойнау федерациясының президенті

ДЕМЕУШІЛЕР МЕН СЕРІКТЕСТЕР



ТУРИЗМ ЖӘНЕ СПОРТ
МИНИСТРЛІГІ



АТЫРАУ
SPORT_TURIZM



SAMRUK
KAZYNA

GENERAL PARTNER

Sport Qory
QAZAQSTAN



NATIONAL
PARALYMPIC COMMITTEE
OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN



SAMRUK
KAZYNA
TRUST



allur



ВОЛЕЙБОЛДЫ ОТЫРЫП ОЙНАУ СПОРТ ТҮРІ



• тарихы

Волейболды отырып ойнау — тірек-қимыл аппараты зақымданған спортшыларға арналған Паралимпиадалық бағдарламаға енетін спорт түрі.

Бұл спорт 1981 жылдан бастап Халықаралық волейбол федерациясы (WPV) бастауымен құрылды.

WPV ұйымының құрамында 70-тен астам ел бар. WPV екі жылда бір рет әлем чемпионатын, жыл сайын аймақтық чемпионаттар мен Паралимпиада ойындарына іріктеу турнирлерін өткізеді. Қазақстан әлемдік рейтингте 5-ші орында және А дивизионына, яғни әлемдік элита қатарына кіреді.

Қазақстанда волейболды отырып ойнау спорт түрі 30 жылдан астам уақыт бойы дамып келеді. Алғашқы команда 1988 жылы Алматыда Ауған соғысының ардагерлері Сергей Хохлов, Николай Букатов және Ырысбек Қамысовтың бастамасымен құрылды. Спорттың ары қарай дамуына классикалық волейбол мектебінің жаттықтырушылары Жәнібек Сауранбаев, Занғар Жаркешов, Нұралы Құлушов үлкен үлес қосты.



1996 жылы Қазақстан құрамасы Атлантада өткен Паралимпиада ойындарына алғаш рет қатысты. 2012 жылдан бастап құраманың бас бапкері – Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы Бауыржан Тахауов.

Қазақстандық пара волейбол федерациясы

2018 жылы Қазақстанда волейболды отырып ойнауды толыққанды дамыту үшін "Республикалық волейболды отырып ойнау федерациясы" қоғамдық бірлестігі құрылды.

2020 жылы федерация республикалық аккредитация алып, "Қазақстандық пара волейбол федерациясы" деп қайта тіркелді. Қазіргі таңда оның Қазақстанда 12 филиалы бар.

2022 жылы федерация Халықаралық World ParaVolley ұйымының мүшесі атанды.

2023 жылы (3–8 шілде) Астанада алғаш рет ерлер және әйелдер құрамалары арасында Азия чемпионатын ұйымдастырды. Осы жарыста Қазақстанның ерлер құрамасы 28 жылда алғаш рет Париж-2024 Паралимпиадасына тікелей лицензия ұтып алды.

Федерация басшылығы:



Тұрғанов Дүйсенбай Нұрбайұлы
Қазақстандық пара волейбол федерациясының Президенті

VIII сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Экология мәселелері және табиғат пайдалану
комитетінің мүшесі



Бауыржан Тахауов
Қазақстандық пара волейбол федерациясының
Вице-президенті

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген
жаттықтырушысы, бас бапкер



Қадырбайұлы Батыр
Бас хатшы



ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМА КОМАНДАСЫНЫҢ БАСТЫ ЖЕТІСТІКТЕРІ



- 1992 – ТМД чемпионы
- 1994 – Азия Пара ойындарының чемпионы, Бейжің, Қытай
- 1996 – Атлантадағы Паралимпиадада 8-орын
- 1999 – Екі дүркін Азия Пара ойындарының чемпионы, Бангкок, Таиланд



- 2002 – Азия Пара ойындарының күміс жүлдегері, Пусан, Оңтүстік Корея
- 2009 – Жастар арасындағы әлем чемпионатының қола жүлдегері, Тегеран, Иран

- 2010 – Әлем чемпионы, В дивизионы, Эдмонд, АҚШ
- 2014 – Азия Пара ойындарында 4-орын, Инчхон, Оңтүстік Корея
- 2017 – Азия чемпионатының күміс жүлдегері, Ханчжоу, Қытай
- 2018 – Азия Пара ойындарының қола жүлдегері, Джакарта, Индонезия
- 2019 – Азия чемпионатының қола жүлдегері, Бангкок, Таиланд
- 2021 – Токио 2020 Паралимпиадасына іріктеу турнирінің күміс жүлдегері
- 2022 – Dutch tournament күміс жүлдегері
- 2022 – Әлем чемпионатында 7-орын, Сараево, Босния және Герцеговина
- 2023 – Азия чемпионатында 2-орын



- 2023 – Азия Пара ойындарында 2-орын, Ханчжоу, Қытай
- 2024 – Париж Паралимпиадасында 7-орын
- 2024 – Азия клубтық чемпионаты: Атырау – 1-орын, Қызылорда – 3-орын



**ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМА ПАРИЖ-2024
ПАРАЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫНДА**

Қазақстанның волейболды отырып ойнаудан ұлттық құрамасы Париж-2024 Паралимпиада ойындарына қатысу арқылы еліміз үшін тарихи белесті бағындырды. Бұл жолы команда араға 28 жыл салып, әлемнің ең үздік сегіз құрамасының қатарына қосылып, халықаралық аренада ел намысын қорғады.

Жолдамаға апарар жол

Әлемде волейболды отырып ойнаудан 70-тен астам ұлттық құрама бар, бірақ Паралимпиада ойындарына тек ең үздік сегіз команда ғана қатысуға мүмкіндік алады. Бұл жолдамаға ие болу үшін командалар А дивизионында өнер көрсетіп, Азия, Панамерика, Еуропа чемпионаттары немесе әлем чемпионатында үздік нәтижеге қол жеткізуі тиіс.

Қазақстан құрамасы 2023 жылы Астана қаласында алғаш рет ұйымдастырылған Азия чемпионатында күміс жүлде жеңіп, Париж-2024 Паралимпиадасына тікелей жолдама алды. Бұл тарихи жетістік құраманың көп жылғы қажырлы еңбегі мен табанды дайындығының жемісі болды.



XVII жазғы Париж-2024 Паралимпиада ойындары туралы

Париж-2024 Паралимпиада ойындары 28 тамыз бен 9 қыркүйек аралығында өтті. Бұл спорттық шараға әлемнің түкпір-түкпірінен 4400-ден астам спортшы қатысты. Жарыстың бағдарламасына 22 спорт түрі мен 549 дисциплина енгізіліп, тартысты бәсекелер 11 күн бойы жалғасты.



Париж ойындарына волейболды отырып ойнаудан әлемнің үздік 8 командасы қатысып, екі топқа бөлінді:

- **А тобы:** Қазақстан, Франция, Босния және Герцеговина, Мысыр
- **В тобы:** Иран, Украина, Бразилия, Германия

Топтық кезеңдегі тартыс

Алғашқы ойында ұлттық құрама Францияны 3:0 (25-7, 25-20, 25-7) есебімен жеңіп, сенімді бастама жасады.

Екінші ойында Босния және Герцеговина құрамасына 2:3 (24:26, 13:25, 25:14, 25:21, 8:15) есебімен жол берді.

Соңғы топтық матчта Египетке қарсы алаңға шыққан қазақстандық спортшылар тартысты ойын көрсетіп, Египет 1:3 (21:25, 23:25, 25:16, 25:18) есебімен есе жіберді.



Бесінші орын үшін күрес

Топтық кезең аяқталғаннан кейін, Қазақстан құрамасы Паралимпиада ойындарының бесінші орны үшін тартысты жалғастырды. Бразилиямен болған шешуші ойында ұлттық құрама керемет ойын көрсетіп, 3:0 (25:19, 25:18, 25:19) есебімен сенімді жеңіске жетті.

Қорытынды нәтиже

Қазақстан құрамасы Париж-2024 Паралимпиадасын бесінші орынмен аяқтады. Бұл – ел тарихындағы ерекше жетістік. Команданың бас жаттықтырушысы Бауыржан Тахауов жетекшілігімен құрамамыз халықаралық деңгейде жоғары шеберлігін көрсетті.

"Ойындар оңай болған жоқ — қарсыластар өте мықты болды, бірақ біздің команда табандылық пен жоғары деңгейдегі ойын көрсетті.

Бұл нәтиже — бүкіл ұжымның үлкен еңбегі мен халқымыздың қолдауының жемісі. Әсіресе, Паралимпиада ойындарына ұтымды дайындалуға жағдай жасап, спортшылардың шеберлігін шыңдауға қолдау көрсеткен "Ситибанк Қазақстан" АҚ, Sport Qory және «Самұрық-Қазына» АҚ-ға Паралимпиада ойындарына дайындық кезінде көрсеткен қолдаулары үшін ерекше алғысымды білдіргім келеді," – деді құраманың бас жаттықтырушысы Бауыржан Тахауов.



Тарихи маңызы

Париж-2024 Паралимпиадасы Қазақстан үшін спорттағы жаңа мүмкіндіктердің бастауы болды. Бұл ойындар еліміздің халықаралық аренадағы беделін нығайтып, волейболды отырып ойнау спортының қарқынды дамуына серпін берді.

Қазақстанның ұлттық құрамасына алдағы жарыстарда жаңа жеңістер мен үлкен жетістіктер тілейміз! Ел намысын абыроймен қорғап, көк туымызды биікте желбірете беріңіздер!

Волейболды отырып ойнаудан Қазақстан Республикасының ұлттық құрама командасы



Тахауов Бауыржан
бас бапкер



Матеуов Ерлан
аға жаттықтырушы



Картаев Турлан
аға жаттықтырушы



Сеидов Куралбек
жаттықтырушы



Сартаев Бауыржан
капитан



Измаганбетов
Берік



Намуратов
Пердебай



Алтаев
Ерболат



Медеуов
Шыңғыс



Битемиров
Ерлан



Сүйеуов
Жанғали



Муканбеткалиев
Нуртау



Каскабаев
Эрик



Шикибаев
Ақылбек



Тажиков
Куаныш



Әбдібек
Ерасыл

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАРА ВОЛЕЙБОЛ
ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ ДЕМЕУШІЛЕРІ
МЕН СЕРІКТЕСТЕРІ





Дене мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға арналған спорттық даярлау орталығы

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Дене мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға арналған спорттық даярлау орталығы» (Орталық) елімізде волейболды отырып ойнау спорт түрін дамытуда маңызды рөл атқарады.



Жарыстарды ұйымдастыру және іріктеу

Орталық жыл сайын волейболды отырып ойнаудан республикалық чемпионаттар мен кубоктарды ұйымдастырады. Бұл жарыстар үздік спортшыларды анықтап, оларды ұлттық құрамаға іріктеу үшін маңызды алаңға айналған.

Ұлттық құраманы дайындау:

Орталық ұлттық құрама спортшылары үшін республикалық және халықаралық оқу-жаттығу жиындарын жоғары деңгейде ұйымдастырады. Сонымен қатар:

- Әр спортшыға жылына екі рет оқу-медициналық тексеру ұйымдастырады.
- Ұлттық құраманы қажетті витаминдермен қамтамасыз етеді.
- Оқу-жаттығу жиындарына халықаралық сарапшыларды тартады.
- Әлемнің үздік құрамаларымен бірлескен жаттығу жиындарын өткізеді.



2021 жылдан бері Иран, Египет, Ресей, АҚШ және Бразилия құрамалары Қазақстанға келіп, қазақстандық спортшылармен бірлескен жаттығулар өткізді. Бұл тәжірибе спортшылардың біліктілігін арттырып, халықаралық деңгейдегі дайындық сапасын жақсартуға ықпал етті. Мұндай бастамалар 2025 жылы Азия чемпионаты мен әлем кубогына дайындық аясында жалғасады.

Халықаралық жарыстарға қатысуын қамтамасыз ету:

2021-2024 жылдар аралығында Қазақстан құрамасы World ParaVolley (WPV) ұйымының барлық ресми жарыстарына қатысып, жоғары нәтижелерге қол жеткізді:

2021 жыл: Құрама Токио-2020 Паралимпиадасына іріктеу турнирінің финалына шығып, Германия құрамасына жол берді.

2022 жыл: Сараево қаласында өткен әлем чемпионатында 16 үздік құраманың арасында 7-орын алды.

2023 жыл: Астана қаласында отырып ойнау волейболынан Азия чемпионаты алғаш рет өткізілді. Қазақстан құрамасы Қытайды жартылай финалда жеңіп, Париж-2024 Паралимпиадасына тікелей жолдама алды.

2024 жыл: 28 жылдық үзілістен кейін Қазақстан құрамасы Париж Паралимпиадасына қатысып, жоғары 5-орынды иеленді.

Қорытынды:

Орталықтың жүйелі жұмысы Қазақстанда волейболды отырып ойнау спорт түрін дамытуға, ұлттық құраманың халықаралық аренадағы беделін арттыруға және спортшыларымыздың жаңа жетістіктерге жетуіне зор үлес қосуда. Бұл бастамалар елімізде параспорттың қарқынды дамуына үлкен серпін беруде.

Citi – Қазақстандық пара волейбол федерациясының ресми серіктесі



Official Partner

2024 жылдың 20 наурызында Қазақстандық пара волейбол федерациясы мен «Ситибанк Қазақстан» АҚ (Citigroup құрамына кіреді) арасында серіктестік жарияланды. Бұл келісім елімізде паралимпиадалық спортты дамытуға, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі жандарға деген қоғам көзқарасын өзгертуге бағытталған маңызды қадам болды.



Citi: Паралимпиадалық спортты қолдаушы жаһандық серіктес

Citi көптеген жылдар бойы әлемдік деңгейде паралимпиадалық спортты қолдау бағытында жетекші рөл атқарып келеді. Компания ұлттық паралимпиадалық комитеттерге қолдау көрсетуімен қатар, Citi командасына (Team Citi) демеушілік жасап, пара атлетика, пара жүзу сияқты спорт түрлерінен әлем чемпионаттарына және басқа да шараларға қатысатын спортшыларды қолдайды.

Қазақстанда «Ситибанк Қазақстан» паралимпиадалық спорттың дамуына ерекше үлес қосып, волейболды отырып ойнау ұлттық құрамасының Парижде өткен деңгейін көрсетуіне мүмкіндік берді.

Citibank Kazakhstan JSC туралы:

Citibank Kazakhstan JSC (Citigroup-пен үлестес) Қазақстанның банк индустриясындағы көшбасшылардың бірі болып табылады. Citi халықаралық

компаниялар мен инвесторлар, Қазақстан Үкіметі және елдің ірі кәсіпорындары үшін негізгі әріптес ретінде әрекет етеді. 2023 жылы Asiamoney қаржылық басылымы жыл сайынғы Best Bank Awards аясында бес жыл қатарынан (2019-2023 жылдар) Citi-ді Қазақстандағы үздік халықаралық банк деп таныды. Банк туралы қосымша ақпаратты www.citigroup.com сайттан табуға болады



1) Citi серіктестігінің арқасында ұлттық құраманың дайындығына алғаш рет кешенді ғылыми топ қосылды. Оның құрамына нутрициологтар, реабилитологтар және басқа да мамандар енгізіліп, бұл спортшылардың жаттығу кезінде тез қалпына келуіне, жарақаттардың алдын алуға және оңалту процесін жеделдетуге мүмкіндік берді. Нутрициологтар әрбір спортшыға жеке тағамдық жоспарлар мен витаминдік кешендер әзірлеп, олардың физикалық дайындығын барынша жақсартты. Бұл паралимпиадалық спорттағы бұрын-соңды болмаған жаңа тәжірибе.



2) Citi серіктестігінің қолдауымен спортшыларға сапалы спорттық формалар мен арнайы спорттық/ медициналық жабдықтар сатып алынды. Бұл жабдықтар Паралимпиада ойындарының алдында дайындық жұмыстарының сапасын айтарлықтай жақсартып, спортшылардың жоғары нәтижелер көрсетуіне септігін тигізді.



Алматы қаласында Citi компаниясының қолдауымен волейболды отырып ойнаудан “Sitting volleyball CITI cup” турнирі ұйымдастырылды. Бұл шараға спортшылар, Citi қызметкерлері және қала журналистері қатысты. Турнирдің мақсаты – Citi ұжымын, журналистерді ұлттық құрама командасымен таныстыру және волейболды отырып ойнау спорт түрінің ерекшеліктерін өз тәжірибелерінде сезіну мүмкіндігін беру. Шара барысында жүлделер ойнатылып, қонақтар үшін фуршет ұйымдастырылды.





Қазақстандық пара волейбол федерациясына SportQory мен «Самұрық-Қазына» АҚ-ның қолдауы



2021 жылдан бастап «SportQory» мен «Самұрық Қазына» АҚ-ы Қазақстандық пара волейбол федерациясына тұрақты түрде демеушілік көмек көрсетіп келеді. Бұл қаражат жыл сайын дарынды жас спортшылар мен өңірлік жаттықтырушылардың еңбекақысын төлеуге, спорттық құрал-жабдықтар мен инвентарь сатып алуға, дәрі-дәрмектер мен витаминдер алуға, сондай-ақ әкімшілік-басқару персоналын ұстауға жұмсалады.

2023 жылы «SportQory» мен «Самұрық Қазына» АҚ-ы Астана қаласында өткен волейболды отырып ойнау Азия чемпионатын ұйымдастыруға қаржылық қолдау көрсетті. Чемпионат 3-8 шілде аралығында Жақсылық Үшкөмпіров атындағы «Жекпе-жек» сарайында өтті. Жарысқа Қазақстан, Жапония, Моңғолия, Оңтүстік Корея, Үндістан, Таиланд, Ирак және Иран елдерінен 200-ге жуық спортшы қатысты. Чемпионат жеңімпаздары Париж-2024 XVII жазғы Паралимпиада ойындарына жолдама алды. Қазақстан ерлер құрамасы Азия чемпионатында күміс жүлдеге ие болып, Паралимпиада ойындарына қатысу мүмкіндігіне қол жеткізді. Бұл жетістікке «SportQory» қорының тұрақты қолдауы мен демеушілігі үлкен үлес қосты.

«Самұрық-Қазына», SportQory және Citi серіктестігінің ақпараттық қолдауы

«Самұрық-Қазына», SportQory және Citi компаниялары Қазақстанда паралимпиадалық спортты дамытуға елеулі ақпараттық қолдау көрсетті.

ТОВАРИЩЕСКИЙ МАТЧ



1. «Хан Шатыр» сауда

орталығындағы жолдастық матч

«Хан Шатыр» сауда және ойын-сауық орталығында Қазақстан мен Бразилия құрамалары арасында жолдастық матч ұйымдастырылды. Бұл шара мыңдаған көрерменді, соның ішінде сауда орталығының келушілері мен онлайн трансляция көрермендерін жинады. Бразилиялық қонақтар Астананың көрікті жерлерімен танысып, ерекше архитектуралық маңызы бар «Хан Шатыр» ғимаратын тамашалады. Осы ерекше орында волейболды отырып ойнау матчын өткізу арқылы паралимпиадалық спорт түрлеріне назар аударылды. Бұл іс-шара Паралимпиада ойындарына 100 күн қалғанда ұйымдастырылып, паралимпиадалық спортты дамыту жолындағы маңызды қадамдардың бірі болды.





Official Partner



2. Қалалық автобустардағы жарнамалық кампания

Демеушілердің қолдауымен Астана қаласының негізгі көшелерінде жүретін автобустардың сыртқы беттерінде паралимпиадашылардың бейнелері бар жарнамалық кампания ұйымдастырылды. 10 автобус 2024 жылдың шілде айынан қыркүйек айына дейін қала тұрғындары мен қонақтарының назарын паралимпиадалық спортқа аударды.

3. Спортшылардың қатысуымен түсірілген проморолик Қазақстанның түрлі қалаларындағы 144 LED экрандарда көрсетілді.

Олардың қатарында барлық теміржол вокзалдары, Астана, Алматы, Шымкент, Өскемен, Атырау және Шымкент қалаларының әуежайлары, «Қазақстан темір жолы» ғимаратының фасады және көшедегі смарт бокстар бар.





Official Partner

Бұл ақпараттық кампания волейболды отырып ойнау ғана емес, жалпы паралимпиадалық спорттың имиджін көтеріп, қоғамның қызығушылығын арттырды. Нәтижесінде, паралимпиадашылардың танымалдығы өсіп, Паралимпиада ойындарының ақпараттық қамтылуы айтарлықтай жақсарды.

Осылайша, «Самұрық-Қазына», SportQory және Citi серіктестігінің ақпараттық қолдауы Қазақстанда паралимпиадалық спорттың дамуына және қоғамның инклюзивті мәдениетінің қалыптасуына зор үлес қосты.





«SAMRUK-KAZYNA TRUST» корпоративті қорының демеушілігі

2022 жылы Қазақстан Пара волейбол федерациясы «Samruk-Kazyna Trust» қорының демеушілік қолдауымен отырып ойнау волейболы үшін 50 волейбол добы, 5 жинақ торлар мен бағаналар, сондай-ақ еденге арналған төсеніштер сатып алып, бес облыстық мүгедектер клубына тегін табыстады



демеушілікке дейін



демеушіліктен кейін



Бұл бастама жас спортшыларға кәсіби волейбол жабдықтарымен жаттығу жасап, ұлттық құрама сапына іріктелу мүмкіндігін берді. Сонымен қатар, ұлттық құрамаға жарақаттан кейін жылдам қалпына келу үшін қажетті заманауи Game Ready криотерапия жүйесі сатып алынды. Бұл жүйе суық терапия мен пульсирлеуші компрессияны біріктіріп, жарақаттан кейінгі қалпына келу процесін жеделдетуге мүмкіндік береді.

Game Ready

Осы қолдаудың арқасында спортшылардың дайындық сапасы артып, халықаралық жарыстарда жоғары нәтижелер көрсетуге жол ашылды.



«Теңізшевройл» ЖШС қолдауы

2023 жылы «Теңізшевройл» (ТШО) ЖШС Астана қаласында өткен волейболды отырып ойнау Азия чемпионатын ұйымдастыруға қаржылық қолдау көрсетті. Чемпионат 3-8 шілде аралығында Жақсылық Үшкөмпіров атындағы «Жекпе-жек» сарайында өтті. Жарысқа Қазақстан, Жапония, Моңғолия, Оңтүстік Корея, Үндістан, Таиланд, Ирак және Иран елдерінен 200-ге жуық спортшы қатысты. Чемпионат жеңімпаздары Париж-2024 XVII жазғы Паралимпиада ойындарына жолдама алды.

Бұл көмек турнирдің сәтті өтуіне елеулі үлес қосып, ұлттық құрамамыздың 28 жыл ішінде алғаш рет Париж-2024 Паралимпиадасына тікелей жолдама алуына мүмкіндік берді.





Allur компаниясының Ұлттық құрамаға қолдауы

allur

2024 жылы Allur компаниясы Қазақстанның Паралимпиадалық волейбол федерациясына JAC Sunray шағын автобусының кілтін табыс етті. Allur компаниясының өкілі Нариман Бектұров: «Әлемдік спорт мерекесі қарсаңында еліміздің Паралимпиадалық волейбол командасына қолдау көрсету біз үшін үлкен мәртебе. Спортшыларымыздың үлкен жетістіктерге жететініне сенеміз және олардың жеңіске жету жолы жеңіл болуын қалаймыз. Біз жетістікке ұмтылатын қоғамды қолдаймыз. Чемпиондарға жарқын өнер көрсетуді тілейміз!» – деп атап өтті. Қазақстандық бизнестің қолдауы біздің команда үшін өте маңызды. Бұл көлік мүмкіндігі шектеулі спортшыларды жаттығулар



мен жарыстарға тасымалдауды жеңілдетеді. JAC Sunray шағын автобусының сыйға тартылуы спортшыларымыздың дайындық сапасын арттырып, олардың жарыстарға уақытылы және ыңғайлы жетуіне мүмкіндік береді. Allur компаниясының бұл қолдауы Қазақстанда паралимпиадалық спорттың дамуына қосқан елеулі үлесі болып табылады. Спортшыларымыздың жетістіктері мен жеңістері осындай демеушілердің қолдауының арқасында мүмкін болуда.

2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР:

- Волейболды отырып ойнау спорт түрі бойынша спорттық күнтізбені бекіту.
- Федерацияның қаржылық күнтізбесін бекіту.
- Қазақстан Республикасының волейболды отырып ойнау ұлттық құрамасының Азия чемпионаты мен әлем кубогына дайындығын және қатысуын қамтамасыз ету.
- Федерацияның жаңа филиалдарын ашу.
- Комитеттің спорт түрлері тізіміне жағажай волейболы мен тұрып ойнау волейболын қосу.
- Волейболды отырып ойнау спорт түрі бойынша әдістемелік құрал әзірлеп, аймақтық жаттықтырушыларды оқыту.
- Волейболды отырып ойнау спорт түрі бойынша Қазақстан Республикасының әйелдер құрамасын құру.
- Жастар құрамасын негізгі командамен жұмысқа тарту.
- Төрешілердің біліктілігін арттыру.



СПОРТ ӨМІРІМДІ 180 ГРАДУСҚА ӨЗГЕРТТІ

Еліміздің пара волейболшылары халықаралық жарыстардың жеңімпаздары, әлемдік рейтингте үздік бестікке кіретін мықты команда болып саналады. Осы ретте, спортшы Пердебай Намұратовпен параволейболға қалай келгені, командалық спорттың ерекшелігі туралы сұрақтарға жауап алдық.

Параволейбол спортына қалай келдіңіз, неліктен осы спортты таңдадыңыз, айтып беріңізші?

10-сыныпта оқып жүргенімде жол апатына түсіп, бір аяғымнан айырылдым. Алғашында өте ауыр жағдайда болдым. Бірақ отбасым және жақын туыс-бауырларымның арқасында жаңа өміріме бейімделіп, мойымай, алға жүруге тырыстым. 22 жасымда Шымкенттегі оңалту шипажайында теннис спортының жаттықтырушысы Арыстан ағаймен таныстым. Ол менен: «Неге параволейболмен айналыспайсың? Бойың ұзын және дене бітімің де сай келеді. Осы спорт саған жақсы келер еді», – деп сұрағанда, ондай спорттын бар екенін де білмеппін. Сол жолы Арыстан ағай: «Атыраулық команданың бапкері Бауыржан Тахауов – параволейболдан еліміздегі ең мықты жаттықтырушы. Солардың қатарында ойнасан жақсы болар еді», – деген тілегін білдірген. Сол жылы паралимпиадалық спорт түрлерінен спартакиада өткізілген еді. Мен Шымкент қаласының параволейболшыларының қатарында қатыстым. Жарыс алдында тек бір-екі рет жаттығып үлгергенмін, дегенмен жақсы ойнап шықтым.



Осы жарыста мені Бауыржан ағай өзі байқап, атыраулық командаға шақырды. Бұл мүмкіндікке қуана келісіп, бір айдан соң отбасыммен Атырауға көшіп кеттім. Содан бері, міне, он жылдан астам уақыт өтті, команда мүшелерімен бір отбасы болып кеттік.

Командаңыз туралы айтып беріңізші. Сіздің ойыңызша, командалық спорттың қандай ерекшеліктері бар?

Командалық спорттың ең басты ерекшелігі – спортшылардың бір-біріне қолдау көрсетуінде.

Біздің команда жайлы айтатын болсам, ойын барысында көп эмоцияға беріліп кететініміз бар. Бір-біріне айқайлап, ұрсып та алады. Бірақ жұмыстан тыс өте тығыз араласамыз. Жігіттердің бір-біріне деген сыйластығы мол. Әрқайсысының өзінің командада орны бөлек. Мысалы, Берік деген спортшымыз бар командада. Ол өз ісінің маманы, әрі әзілге жақын. Ол әрдайым командаға позитив сыйлап жүреді.

Оған қоса, ұлттық құрамамызда қызылордалық спортшы Ерік Қасқабаев бар. Ол кісінің әр сөйлегені бізге мотивация. Жалпы, командам туралы айта берсем, шегі болмайды. Барлығы елім, жерім деп тұрған өз елінің патриоттары, өз спортының хас шеберлері.



Сіздер командамен жарыстарда ел аралап жүресіздер. Отбасыңыздан алыс жүру қиын емеспе?

Үш ұлым және бір қызым бар. Үлкенім бұйырса 9-ға, ал кішкентайым 1-ге толды. Жасыратыны жоқ, балаларымның қасында мен көп болмаймын. Олар көбінесе анасымен қалады. Үйде болған уақытта балаларыма көп көңіл бөлуге тырысамын. Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет, адамгершілік секілді қасиеттерді дәріптеуге үлкен назар аударам. Мен үшін балаларымның тәрбиесі мен білімі бірінші орында тұрады. Ағы мен қарасы қатар жүретін осы өмірде балаларым өз орындарын тапқанын қалаймын.

Ал менің басты қолдаушым, жанкүйерім – менің жарым. Осы орайды пайдаланып, әрдайым жанымнан табылатын жарыма алғыс айтқым келеді.



Спорт өміріңізге қалай әсер етті? Өміріңізді өзгертті дейсіз бе?

Спорт менің өмірімді 180 градусқа өзгертті десем де, артық айтқаным емес. Алдында айтып кеткендей, командаға қосылу үшін басқа қалаға көштім. Келген бойда бір-екі апта дайындалып, Ресейге жарысқа кеттім. Содан бері талай мемлекеттерді араладым. Қазіргі таңда тек қазақстандық емес, шетелдік достарым да пайда болды.

Өзімде болған бір қызықты жайтты айта кетейін. Қай жарыста екені есімде жоқ, бірақ ойын барысында Хорватияның ойыншысы менің ойыныма риза болып, өзінің жейдесін сыйлаған болатын. Онымен әлі күнге дейін араласып тұрамыз.

Негізі спорт өзінің потенциалыңды ашуға, өзіне деген сенімділігіңді арттыруға мықты әсер етеді.



ЕРІК ҚАСҚАБАЕВ:


“Спорт арқылы өз-өзімді таптым”

Парижде өткен XVII жазғы Паралимпиада ойындарынан кейін ұлттық құрама мүшесі Ерік Қасқабаяевпен емен-жарқын әңгімелесуге мүмкіндік туды.

Парижде өткен XVII жазғы Паралимпиада ойындарынан кейін ұлттық құрама мүшесі Ерік Қасқабаяевпен сұхбаттасудың сәті түсті.

– Паралимпиада ойындары сіз үшін қалай өтті? 2024 жылғы ойындар несімен есте қалды?

– Біздің команда үшін бұл Паралимпиада ерекше маңызды болды, себебі 28 жылдық үзілістен кейін алғаш рет қатысып отырмыз. Осы уақыт бойы әлемнің үздік командаларының қатарына қосылуды армандап, талмай еңбек еттік. Өздеріңіз білесіздер, әлемдегі үздік 8 команданың қатарына ену үшін төрт жыл бойы аянбай тер төгіп, лицензия алу қажет. Дайындығымыз жоғары деңгейде өтті, мемлекетіміздің қолдауының арқасында, сондай-ақ демеушілеріміз – Citi, Sport Qory, «Самұрық-Қазына» және басқалардың қолдауының нәтижесінде жақсы жағдайлар жасалды. Жарыс барысында, әрине, қобалжу болды, бірақ өзімізге деген сеніміміз мықты еді. Әр матчқа, әр ойынға бар күшімізді салдық. Кей жерлерде қателіктер жібердік, бірақ бұл келесі ойындар үшін құнды сабақ болды. Келесі Паралимпиадаға жаңа көңіл-күймен және жаңа жеңістермен баратынымызға сенімдімін.



Ұлттық құрама қатарына қашан қосылдыңыз?

Мен өзім Қызылорда облысынанмын, әрі Қызылорда құрамасының аға-жаттықтырушысымын. Ал ұлттық құрамаға 2005-2006 жылдардан бері мүшемін. Оған дейін екі жылдай бірінші Қызылорда да, екінші Ақтөбеде ойнадым. Атырауда да ойнағаным бар. Осылайша әр ойын сайын шыңдалып, өзімді көрсетіп ұлттық құрамаға кірдім. Әр чемпионат, әр ойын біздің байланысымызды нығайта түсті. Соның арқасында бір-бірімізге қолдау көрсетіп бір отбасыға айналып отырмыз. Үлкені ағам, кішісі інім. Бәріміз бір үйдің баласындаймыз.

Бір сөзіңізде жаттықтырушымын деп айтып қалдыңыз. Спортшы болу мен бапкер болудың балансын қалай ұстап отырсыз?



Айтпақшы, құрамада үш шәкіртім жүр. Үшеуінің де өзіндік ерекшеліктері бар. Арамызда ең жас ойыншы бар. Есімі Әбдібек Ерасыл. Жақында 18 жасқа толды. Одан кейін бойы ең ұзын ойыншы бар. Оның аты-жөні Амидола Асылхан. Бойының ұзындығы 197 см. Сондай-ақ ең үзік қабылдаушы Медеуов Шыңғыс деген бауырым бар. Төртеуміз осы Қызылордадан келдік. Ендігі мақсат жүлделі болу, жақсы нәтиже шығару. Оның да ауасы алыс емес сияқты.

Отбасыңыз туралы сөз қозғасақ...

- Орынды қойдыңыз. Себебі шыны керек мұның да қиыншылығы бар. Бір сәтте әрі ойнап, әрі бапкер ретінде басқаларды бақылауда ұстау ауыр. Соған қарамастан қазір оған етім үйренген сияқты. Бапкерлікке келуіме менің ұлттық құрамаға кіруім әсер етті. Біраз деңгейім өсіп, қабілетім ашыла бастаған соң маған бұл қызметті өздері ұсынды. Қазіргі бапкерім мені дайындап, әр түрлі әдіс-тәсілдерді үйретеді. Ауылға барғанда өз шәкірттеріме үйренгеніммен бөлісемін.

Кейде бір жарыста әрі спортшы, әрі бапкер де болуға тура келеді. Мысалы, Қызылорда командасымен Қазақстан чемпионатына барғанда мен ойыншы және жаттықтырушы болуыма тура келді. Барлық бапкерлер сияқты уақыт санап, сырттан қадағалап, қолдап жүремін, сол сияқты басқа ойыншылар сияқты ойнаймын да.


Алғашқыда қиындықтар болды. Ал қазір үйреніп те кеттім. Тактикалық, физикалық жағынан дайындаймын. Шабуылшы кім, қорғаушы кім, қабылдаушы кім бәрін қойып беремін. Бұл менің спорт жолындағы үлкен тәжірибем.

Құдай қосқан қосағым, Алла берген екі қыз, екі ұлым бар. “Алма ағашынан алыс түспейді” дейді ғой. Әйелім де, ұл-қызым да өзім сияқты спортпен айналысады. Бірақ жан-жарымды спортта кездестірген жоқпын. Жәй ғана кездейсоқтық болды. Ол өзі дзюдошы. Үлкен қызым каратэмен, ал ұлдарым дзюдоға қатысады. Чемпионаттарға, жалпы жарыстарға жиі сапарға шығамын. Спортта жиі жол жүру отбасылы адам үшін кемшілік. Кейде апталап, айлап үйде болмаймын. Мұндай жағдайда әйелімнің тарапынан үлкен қолдау күтемін. Өзі де спортпен айналысқандықтан болар, қандай жағдай болмасын түсіністікпен қарайды. Сондықтан әйелімді бағалаймын, оның қолдауын жиі сезінемін. Осы тұста осы адамға алғысымды білдіремін.









KAZPARAVOLLEY



kazparavolley.kz



[kazparavolley](https://www.facebook.com/kazparavolley)

NAMURATOV
5

19